

Көру мүшесі. Көз аурулары

Орындаған: Айтнияз В.

Топ: ЖМ 14-33-2к

Тексерген: Искакова Л.

Жоспар:


- Көз – оптикалық жүйе.
- Көз туралы қызықты деректер.
- Көз аурулары.

Көз – оптикалық жүйе.


- Жарық адамдардың айналадағы нәрселерді көруіне мүмкіндік беретін энергияның бір түрі. Алайда көру арқылы ғана біз қоршаған әлемді танимыз. Көру мүшесі – біздің көзіміз. Көз өзінің құрылысы жағынан оптикалық жүйе ретінде фотоаппаратқа ұқсас, бірақ көздің оптикалық жүйесі әлдеқайда күрделі. Адам көзінің пішіні шар тәрізді, шамалы қысыңқы, диаметрі 23-25 мм.



- **Көз алмасы** (лат. *bulbus oculi* *Bulbus* — алма, *oculus* — көз) — пішіні шар тәрізді, алдыңғы бетінен артқы жағына қарай сәл қысыңқы келген көру мүшесінің негізгі бөлігі. Көз алмасының қабырғасы: сыртқы — *талшықты (фиброзды) қабықтан*, ортаңғы — *тамырлы қабықтан* және ішкі — *торлы қабықтан* құралған. Фиброзды қабық мөлдір қасаң қабыққа және ақ қабыққа бөлінеді.




● Негізгі қанмен қамтамасыз ететін артерия көз артериясы. Ол ішкі ұйқы артериясының тарамы және көз ұясына көру тесігі арқылы енеді. Көз ұясында келесі тарамдарды береді - жас артериясын, (жас безіне және қабақтарға), торлы, бұлшық етті (олар бұлшық еттер склераға бекінгеннен кейін қасаң қабыққа дейін жалғасады, бірақ енді олар алдыңғы кірпікті артериалар деп аталады (склера мен қасаң қабықты қоректендіретін); артқы кірпікті артериялар склераны артқы полюсінде тесіп өтіп көз ішіне енеді де қысқа және ұзын кірпікті артерияларға тарамданады. Қысқалар одан да ұсақ тарамдарға бөлінеді және өзара анастомоздар жасап, 3 деңгейде қан тамырларын құрайды - ірі қан тамырлар қабаты (склераға жанасады), ортаңғы және ұсақ (тор қабыққа жанасады).



- Қан тамырлары өздік тамыр қабатын құрайды-хориоидеяны. Хориоидея склеранаң көп бөлігін ішкі жағынан көмкере орналасып, тор қабықты қоректендіреді. Артқы ұзын кірпікті артериялар алдыға қарай склераның ішкі бетімен шатыраш қабықтың түбіне жетеді де ол жерде шатыраш қабықтың үлкен қан айналым шеңберін құрайды. Алдыңғы және артқы ұзын кірпікті артериялармен ұзын және қысқа кірпікті артериялар арасында анастомоздар бар. Көз артериясынан аталған артериялардан басқа тор қабықтың орталық артериясы тарамданады.

Ол көздің артқы бөлімінде көру нервісінің қабаттарын тесіп өтіп, көз түбіне барады. Тор қабықта көру нервісінің дискісінде ТОА жоғарғы және төменгі, олардың әрқайсы самай және мұрын тарамдарына, келесіде одан да ұсақ тамырларға, яғни капиллярларға тарамданады. Көз артериясынан көру нервісіне 6-12 тарамдар тарамданады; оның ішінде ең ірісі ТОА мен бірге жүреді (шатыраш қабық пен кірпікті денеден), вортикозды (2 жоғарғы веналар).




- Веналар әдетте артериялармен бірге өтеді: эписклеральды, алдыңғы кірпікті–хориоидеиядан, тор қабықтың орталық венасы- бәрі жоғарғы көз венасына құйады, ал ол үңгірлі қойнауға құйады және анастомозбен (бұрышты венамен, оған венозды қан қабақтардан келеді) алдыңғы бет веналарымен қатысады.
- Төменгі көз венасы 2 төменгі веналардан құралады және қанат таңдай шұңқырында беттің терең венасына құйады, кейде жоғарғы көз венасына қосылады.
- Көз веналарының ерекшелігі клапандардың болмауы, оның салдарынан инфекция, тромб кеңінен беттен миға баруға мүмкіндік алады.

Көз туралы қызықты деректер


- Көз 10000000 түрлі түсті ажыратуға қабілетті.
- Әйелдер көздерін еркектерге қарағанда 2 есе көп жыпылықтатады.
- Қой көз негізінде көк түсті, бетінде қоңыр дақтары болады. Тіпті қоңыр көзді лазерлі емдеу арқылы көк көзге біржола айналдыруға болады.
- Жағымды заттарды көргенде адамның қарашығы 45 пайызға дейін ұлғаяды екен.
- Адам көзінің мүйізгек қабығы акуланыкіне қатты ұқсағаны сонша, акуланың мүйізгек қабығын көзге ота жасағанда алмастырушы ретінде пайдаланады.
- Көзді ашып тұрып түшкіру мүмкін емес.
- Біздің көзіміз сұрдың шамамен 500 реңкін ажырата алады.

- Әр көз 107 миллион жасушадан тұрады және олардың барлығы жарыққа сезімтал.
- Әрбір 12-еркек — дальтоник.
- Адамның көзі тек үш спектрдің ғана аумағын қабылдай алады: қызыл, көк және жасыл. Қалған түстер осы түстердің үйлесімі болып саналады.
- Адам көзінің диаметрі шамамен 2,5 см, салмағы 8 гр.
- Барлық бұлшық еттердің ішінде көзді бақылайтын бұлшық еттер ең белсенділері.
- Адам көзінің көлемі туғанда қандай болса, қартайғанша сол қалыпты сақтайды, ал құлақ пен мұрын өсуін тоқтатпайды.
- Көз алмасының 1/6 бөлігі ғана көрінеді.
- Орташа есеппен алғанда, біз бүкіл өмірімізде 24 миллионнан астам әртүрлі сурет көреді екенбіз.
- Саусақ таңбаларының ерекше 40 сипаты болса, көздің сыртқы мөлдір қабығы 256 сипаттамаға ие. Сол себепті көздің ішкі тор қабығын түсіру қауіпсіздік мақсатында қолданылады.
- «Көзді ашып-жұмғанша» демекші, көзді бақылайтын бұлшық ет денедегі ең жылдам бұлшық ет. Жыпылықтау шамамен 100–150 миллисекундқа созылады және сіз де көзіңізді бір секундта бес рет жыпылықтата аласыз.

- Біз көзімізбен емес, миымызбен «көреміз». Сапасыз бейне — ол бұрмаланған сурет қабылдаушы тетік сияқты көздің ауруы.
- Егер суретке түскен кезде жарқылынан тек бір көзіңіз қызыл болып қалса, онда көзіңізде ісік болуы ықтимал (егер екі көз де бір бағытқа қарап тұрған жағдайда). Қуанышқа орай, оның емделіп жазылуы 95%.
- Шизофрения ауруын көздің қозғалысымен жасалатын қарапайым тесттің көмегімен 98,3%-ға дейін анықтауға болады.



- **Көз аурулары** – көздің көруінің нашарлауынан, оның сәуле сындыру күшінің ақауларынан (алыстан көргіштік, алыстан көрмеушілік, астигматтық, дальтонизм) пайда болатын және іштен туа біткен аурулар. Кейінгі жылдары іштен туа біткен ауру – су қараңғы (глаукома) мен көз жарақаттары жиі кездеседі. Көз ауруларының пайда болуына механикалық (әр түрлі жарақаттар алу, т.б.), физикалық (шаң-тозаң, үшнитротолуол тозаңдары мен булары, т.б.), химиялық (күкірттісутек, мышьяк, т.б. әсері) және физикалық-химиялық (ультракүлгін, инфрақызыл сәулелер, жарық, т.б.) факторлар әсер етеді. Көз ауруларының жиі кездесетін түрлері: басыр, бленнорея, катаракта, конъюктивит, көзге ақ түсу, т.б. Көзге ақ түсу, лейкома (leu coma corneae) – көздің қасаң қабығының ауруы.





● «Глаукома» - көздің ішкі қысымының тұрақты түрде немесе оқтын-оқтын көтерілуімен, кейінірек кеңістігінде өзіне тән мүкістіктердің пайда болуымен, көру жітілігінің төмендеуімен және көру нерві дискісінде экскавация мен семудің пайда болуымен сипатталатын организмдегі көз ауруларының үлкен бір тобы. Көздің ішкі қысымын реттеу жүйесінің патологиясы бұл жинақталған ұғым. Бұл ұғымға көздің ішкі қысымының өзгеруі міндетті түрде болатын, басқа да өзгерістерін қосқанда.

● Глаукома іштен туған, бірінші реттік және екінші реттік деп негізінен үш түрге бөлінеді.

● Глаукома дамуының факторлары: туыстары мен жақындарының арасындағы глаукоманың болуы, вегетативтік және артериалдық гипертониясы бар қант диабеті, сақина аурымен ауыратындар арасында, жақынан көрушілік.

● 35 жастан асқан кезде осы аталған симптомдардың біреуін анықтаған болсаңыз, дереу дәрігерге қаралғаныңыз жөн. Суқараңғы 40 – 50 жастағы адамдар арасында пайда болады, кей жағдайларда жас балаларда (іштен туа біткен) және жасөспірімдерде кездеседі.

Глаукоманың алғашқы белгісі





Пайдаланылған әдебиеттер:

- Биоморфология терминдерінің түсіндірме сөздігі/
- Алматы
- Р.П.Самусев, Ю.М.Селин “Анатомия”
- Л.Ф.Гаврилов, В.Г.Татаринов “Анатомия”

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!***

